

АНВАР ИСМАЙЛОВ АТЫНДАҒЫ КӘСІПТІК КОЛЛЕДЖИ

Бекітемін
Басшының оқу ісі жөніндегі
орынбасары _____
Розакулова Н.А.
2022 ж. " 08 " _____



Кәсіптік іс тәжірибе жұмыс оқу бағдарламасы

Мамандық: 02120200 Киім дизайн

Біліктілігі: 4S2120203-Киім дизайнері

Практика атауы: КМ 02.05. Кәсіптік практика

Тобы: Д-212/Б

Курс: 3-курс

Семестр: 3

Сағат саны: 72

Өтетін мерзімі:

Оқытушы: А.Е. Садыкова

Үлгілік оқу бағдарламалар жинағы ҚР БҒМ Техникалық және кәсіптік білім беру мәселелері бойынша Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінде қаралды және мақұлданды.

«Дизайн және өнер» пән бірлестігінің отырысында қаралған

Хаттама №1 «08» 08 2022 жыл.

Пән бірлестігі төрайымы:

Садыкова А.Е.

КМ 02.05. Кәсіптік практика

Бұл модуль, Перспективалық модельдер жинағын жасау және оларды дайындау

Осы жұмыс оқу бағдарламасы «Композиция негіздері» пәні мазмұнының міндетті минимумдарына және дайындау деңгейіне қойылатын талаптарды іске асыра отырып, техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарының жұмыс оқу бағдарламасын құруға негіз болады.

Модульді зерделеу нәтижесінде, білім алушылар: композиция теориясын; көркемдік образды; композицияның элементтері мен құралдарын, тәсілдерін, қағидаттары мен заңдылықтарын, оларды қолдану әдістерін; композицияның түрлерін; композиция заңдарын тәжірибеде қолдануды; көлемді көрсеткен кезде түс-реңдік арақатынасты; композициядағы жоспарлылықты, тұтастықты; натураның тиісті ерекшеліктерін көрсетуді; жарық пен түс арқылы көлемді көрсетуді; композициялық ойлауды дамытуды, пропорциялық арақатынасты.

Қалыптастырылатын күзіреттілік

КМ 02.05 композицияның элементтері мен құралдарын, тәсілдерін, қағидаттары мен заңдылықтарын, оларды қолдану әдістерін; композицияның түрлерін; композиция заңдарын тәжірибеде қолдануды; көлемді көрсеткен кезде түс-реңдік арақатынасты; композициядағы жоспарлылықты, тұтастықты; натураның тиісті ерекшеліктерін көрсетуді; жарық пен түс арқылы көлемді көрсетуді; композициялық ойлауды дамытуды, пропорциялық арақатынасты, жоспарлылықты көрсетуді; сызықтық ауа перпетивасының заңдылықтарын меңгеруі тиіс.

Постреквизиттер: кәсіптік практика, композиция негіздер, композиция, киім дизайнындағы композиция

Пререквизиттер: Өнер мен көркемдік іс-әрекеттің адам өмірінде және мәдениетті дамытудағы рөлі, өнердің бастауы мен мәні, өнер және дүниетаным, халықтық дәстүрлі өнер, бейнелеу символикасы мен дәстүрлі бейнелердің мәдениетті дамытудағы рөлі, тарихи дәуірлер және көркемдік стилдер, мәдениетті көзбен бейнелеу тұтастығы

Оқытуға қажетті құралдар, жабдықтар: оқу әдістемелік кешен, оқу әдістемелік кешен, А4 форматтар, см таспа, қағаз түрлері сызғыш түрлері, видеofilmдер, кескіш құралдары, қайшы кеңсе пышағы, желім ПВА, ине, өшіргіш

Оқытушының байланыс ақпараты:

Ф.И.О. Садыкова Арайлым Ербосыновна

тел:8 747 925 26 38

e-mail:
a.sadykova@pkai.kz

Тақырыптық жоспары.

№	Тақырыптардың атауы.	Тәжірибелік
1.	Кеңістіктегі композиция	2
2.	Композицияның формалары.	2
3.	Қабылдау және тәсілдеу композициясы.	2
4.	Композицияның ассоциативі.	2
5.	Эскиздік нұсқаны ұсынады орындайды	2
6.	тепе-теңдікті дұрыс қабылдау.	2
7.	Зат көрінісіндегі композиция.	2
8.	Композицияны натюрмортта талқылау.	2
9.	Пейзаждағы композиция	2
10.	Композицияның портреттегі көрінісі.	2
11.	Рең түсін анықтау	2
12.	Үйлесімділік	2
13.	Костюм композициясының үйлестіру тәсілдері	2
14.	Костюмді жобалаудағы үлгі және ассоциация	2
15.	Көркемдік үлгі ұғымы	2
16.	Костюмның үлгілік шешімінің типтері	2
17.	Костюм пішіндеріндегі шығармашылық бастаулары көшірмелеу қағидалары	2
18.	Нақнұсқаның перспективалық сызықтарын анықтау	2
19.	Негізгі түсті таңдауға ықпал етуші түс.	2
20.	Түс – форма анықтайтын феномен	2
21.	Ахроматикалық композициялар.	2
22.	Ахроматикалық композицияның бейнелеу мүмкіндіктері.	2
23.	Костюмді көркем жобалау түрлері	2
24.	Костюм өнеркәсіптік өндіріс жүйесінде	2
25.	Өнеркәсіптік өндіріс бұйымдарын жобалау үрдісінің ерекшеліктері	2

26.	Жобалаудың түрлері.	2
27.	Компьютерлік жобалау түрлері.	2
28.	Бірыңғай модельдерді көркемдік жобалау	2
29.	Бұйымға, оның функционалдық ерекшеліктеріне қойылатын талаптарды талдау.	2
30.	Өндіріс жағдайлары мен мүмкіндіктерін есепке алу.	2
31.	Өнеркәсіптік бұйымдарды жасаудың ілгерлік әдістері	2
32.	Киім модельдерінің өнеркәсіптік жүйелерін жобалау ерекшеліктері	2
33.	Құралдардың қолдану тәсілдерін үйрену	2
34.	Көркемдік-әсемдеу жұмыстарының технологиялық процестері мен операцияларын қолдану	2
° 35.	Көркемдік-әсемдеу жұмыстарының технологиясы	2
36.	Эскиз тұтастығы	2
	Барлығы	72

«Кәсіптік практика» іс – тәжірибесінің мазмұны

1. Кеңістіктегі композиция. Композицияның негізгі ережелерімен, заңдылықтарымен танысу арқылы образды композиция құру арқылы шығармашылық қабілетті дамыту..

2. Композицияның формалары. Пропорция, симметрия, ассимметрия, контраст, нюанс, метр, ритм, түс, тепе-теңдік, динамика, статика, масштаб, кеңістік, модуль, тектоника, көлем, стиль, акцент, фактура.

3. Қабылдау және тәсілдеу композициясы.

Костюмдегі сызықтардың әсері. Суретші костюмді конструкциялау кезінде әр түрлі сызықтарды пайдаланады. Бұл – көлденең, тік, диагональ, қисық, сынық, аралас, параллельді және қиылысатын сызықтар. Киімнің, оның бөліктерінің, бөлшектерінің контурларын конструктивтік, декоративтік және декоративтік–конструктивтік сызықтар ретінде қарастыруға болады. Конструктивтік сызықтар – костюм бөліктері мен жеке көлемдердің қиысу сызықтары – фасонның негізі. Оларға қосылған тігістер, бедерлер, пішін мүшелендіру сызықтары жатады, пішін көлемінің өзгерістері басталады – бүкпелері, кескінділері және тағы басқа. Декоративтік–конструктивтік сызықтар – екі қызметті біріктіреді – декорациялық және конструкциялық қажеттіліктер. Оларға жол кесте, бау, баукесте, тағы басқа арқылы безендірілген сызықтар жатады.

4. Композицияның ассоциативі. сызықтық композиция, сызықты-дақты композиция, сызықтық –конструктивті композиция, өрнекті композиция, көлемді-кеңістікті композиция, жазықтықты композиция.

5. Эскиздік нұсқаны ұсынады орындайды. Стилизациялаудың негізгі әдіс-тәсілдерімен танысу.

6. Теңбе-теңдікті дұрыс қабылдау.

Композиция қасиеттері арасында суретшілер пропорцияның бірінші орынға қояды. Пішін элементтерінің өлшемділік ара қатынасы – ол бүтін композиция құрылымының негізі. Пропорция ұғымы – күрделі бүтіннің ішіндегі құрамы бөлімдердің

байланысы, яғни бір өлшемнен екінші өлшемге қозғалыс деп түсіндіріледі. Киімді үлгілуде пропорция ең басты фактор боп табылады. Пропорция жай және күрделі боп бөлінеді. Жай немесе арифметикалық пропорциялар еселік және бүтін сандық қатынастарға негізделген. Олардың негізінде біртұтастың басты өлшем – модуль жатады. Модуль – ол заттың, объектінің немесе дене бітімінің кез келеген бөлігінің көлем бірлігі ретінде алынатын өлшем. Пропорцияның екінші өте күрделі типі геометриялық деп аталады. Ол құрылымымен өлшенбейтін көлемдердің қатынасына негізделген. Мысалы, шаршы қабырғаларының оның диагоналіне қатынасы.

7. Зат көрінісіндегі композиция. орындалуы), жақыннан және алыстан қабылдау нүктелерінен көрінеді.

Түсті ортаның қалыптасуының маңызды міндетті-түстің ақпараттық қасиетіне негізделі отырып, көзге көрінетін жабдықтар жиынтығын құру болып табылады. Түсті үйлесімді ұйымдастыру ең алдымен тұрақты түс жүйесінің қалыптасуына байланысты.

8. Композицияны натюрмортта талқылау. Сурет салуды бастай отырып, алдарында жатқан жазық қағаз емес, бейне бір терезе, оның арғы жағынан адам басының, оның көлемдерін және олар орналасқан кеңістікті көріп тұрмыз деп елестету керек.

9. Пейзаждағы композиция

Үйлесімнің түс-өңдік шешімі, ұстанған колоритте салу жағдайында түстік өң беруді сақтау. Сулы бояудың кескіндеменің техникалық тәсілін жетілдіру.

Форматты үйлестіру, натураға тән сипатты анықтау, портреттеуші мен бейненің ұқсастығы, қойылымның түс - түстік көлеңкесін талдау жарық пен көлеңке бөліктеріне ерекше көңіл бөлу. Кез келген заттарды бейнелеу үшін олардың жеке-жеке көлемін және бір-біріне өлшемдік қатынасын (бір-бірінен қаншалықты үлкен не кіші), кеңістікте орналасуын мұқият қарап зерттеп алу керек. Тек содан соң бейнені түсіруге арналған қағаздың орналасу бағытын (тігінен немесе көлденең) бейнеленетін заттардың көлеміне, кеңістікте орналасу ерекшелігіне байланысты таңдап алынады. Бейнелеуге алынған құмыраның көлемі екі геометриялық денелерге ұқсас бөліктерден тұрады, жоғарғы жағы қиық конус, ал төменгі бөлігі шар тәріздес

10. Композицияның портреттегі көрінісі. . Композиция және құрлыс заңдарын қалай анықтаймыз? 2. Натюрморт дегеніміз? Сабақты қорытындылау : Салған суреттерін қарап кемшіліктерін атап көрсетіп шығу.

11. Рең түсін анықтау. Оқушыларға натюрморт жанры туралы мағлұмат бере отырып, олардың әрбір затты кеңістікте дұрыс көруге, түс-реңін ажыратуға, форма арқылы көлемін бейнелеуге, натюрморт түрлері, бояу түстерін бір-біріне үйлесімді байланыстыруға жаттықтыру. Затқа қарап сурет салуды және түстің шешімін ажыратуды түсіндіру.

12. Үйлесімділік

Тұстану мәселелерін жинақтап жүйелеуден бастау орынды.

Тұстану – түс туралы ілім жүйесі. Түстер хроматикалық және ахроматикалық болып бөлінеді. Хроматикалық түстерге түрлі-түсті түстер жүйесі кіреді. Ахроматикалық түстерге ақ және қара түстер жатады. Барлық хроматикалық түс үш параметрмен ашықтылықпен, түстік өңмен және қанықтылықпен сипатталады. Ахроматикалық түстер бір-бірінен тек бір белгісі бойынша – ашық (ашық сұрғылт немесе қара сұрғылт) бойынша ерекшеленеді. Түстік өң бұл «қызыл», «сары» және т.б. сөздермен анықталады. Мысалы қызыл, таза қызыл немесе сұрғылт қызыл. Бұл қызылға қосылған сұрғылт қоспа түстің өңін өзгертпейді қызыл түс қызыл болып қалады. Ахроматикалық қоспадан, хроматикалық түстің қанықтығы азаяды. Мұндай қоспада ахроматикалық түс неғұрлым аз болған сайын, оның қанықтығы арта түседі.

13. Костюм композициясының үйлестіру тәсілдері. Түс таңдау бұдан былай қалай дамытындығы әлі белгісіз. Томас Портердің ойынша, болашақта бәсең қара, сұр, сұр-көгілдір және сұр мен қызыл, көгілдір түстердің үйлесіміне деген қызығушылық қайта жаңғырады.

14. Костюмді жобалаудағы үлгі және ассоциация. Сурет салуды бастай отырып, алдарында жатқан жазық қағаз емес, бейне бір терезе, оның арғы жағынан натюрмортты, оның көлемдерін және олар орналасқан кеңістікті көріп тұрмыз деп елестету керек.

15. Көркемдік үлгі ұғымы

Дизайнер - заттардың көркемдеу жобасымен айналысатын суретші - құрастырушы маман. Дәлірек айтқанда, сән әлемінде киім моделінің жеке үлгілерін және жиынтығын дайындаушы-суретші. Кутюрьеден айырмашылығы - дизайнер өндіріс өнімімен тығыз байланыста болады. Еуропа дәстүрінде киім, аяқ киім, аксессуар дайындау саласы тұтасымен (ағылшын тілінен аударылғанда «фэшн дизайн») сән дизайны деп аталады; ал костюм үлгісінің суретшісі "дизайнер" деп аталады.

: креатор (creator - ағылшын сөзінен аударғанда, құрастырушы, жаратушы деген сөз) - жаңа идеяларды таратушы суретші; интерпретатор - біреудің идеясын дамытушы және қандай да бір мәнерде немесе стильде интерпретациялаушы. Француз және итальян дәстүрінде дизайнер стилист деген ұғымға сай келеді.

16. Костюмның үлгілік шешімінің типтері.

1-міндет. Ою-өрнектерді композицияның негізгі заңдылықтарына бағындыру.

2-міндет. Ою-өрнектерді композициялық әдіс-тәсілдермен орындау.

3-міндет. Жұмысты аяқтау.

17. Костюм пішіндеріндегі шығармашылық бастаулары көшірмелеу қағидалары.

Тұтас көру дегеніміз бейнелейтін дененің оның қандай да болсын бір жағынан қарай отырып, көрінбейтін жағын да толық көз алдына келтіру. Композициялық жұмыстарды жасауда заттың өзіне қарап мүмкіндігінше көп жұмыс жасау керек.

18. Нақнұсқаның перспективалық сызықтарын анықтау

Конструктивтік сызықтар – костюм бөліктері мен жеке көлемдердің қиысу сызықтары – фасонның негізі. Оларға қосылған тігістер, бедерлер, пішін мүшелендіру сызықтары жатады, пішін көлемінің өзгерістері басталады – бүкпелері, кескінділері және тағы басқа. Декоративтік–конструктивтік сызықтар – екі қызметті біріктіреді – декорациялық және конструкциялық қажеттіліктер. Оларға жол кесте, бау, баукесте, тағы басқа арқылы безендірілген сызықтар жатады.

Декоративтік сызықтар – ешқандай утилитарлық–практикалық қызметті атқармайды.

Бұл киімнің кестелеу жолақтары, шілтері, мережка, баулары, кестесі, таспасы сияқты әр түрлі әрлеу сызықтарының сызбалық сипатын құрайды.

Көлденең (горизонталь) сызықтар бұйымның енділігін көрсете отырып, толықтық, тыныштық, тұрақтылық елесін береді. Киім силуэтіне негізгі бес көлденең сызықтарды ажыратады: иық, кеуде, бел, мықын, етек сызықтары.

Тік (вертикаль) сызықтар бұйымның ұзындығын көрсетеді, төзімділік, беріктік, негізділік әсерін береді. Мұндай сызықтар бойдың биіктік, яғни бойшаңдықты көрсетеді. Негізділік конструкциялық тік сызықтар белдемше ұзындығын, арқа немесе шалбар ұзындығын, жең ұзындығын белгілейді.

19. Негізгі түсті таңдауға ықпал етуші түс.

Тұстану білімі физика, физиология, психология, эстетика, т.б. сияқты әртүрлі ғылым салаларымен тығыз байланысты. Осы аталған ғылымдардың зерттеулерімен мәліметтерді дизайнерлер үшін маңызды, өйткені өздерінің шығармашылық қызметтерінде жайлы түсті органы құруда олар түстің физикалық және оптикалық қасиеттерімен жиі кездеседі. Сол үшін де көптеген ғалымдар саланы тынбай зерттеуде.

20. Түс – форма анықтайтын феномен.

Ахроматикалық түстер – түс тоны жоқ түстер (сұр, қара, ақ).

Үйлесімді түстер – негізгі түсті таңдауға ықпал етуші түс.

Туыстық-үйлесімді түстер – 90 градус шамасында түс, шеңберіне кіретін түстер.

Туыстық түстер – 30 градус шамасында түс шеңберіне кіретін түстер.

Қанықтылық – түс тазалығын меңзейді.

Жарық – электромагниттік толқын.

Спектр – жеті түстен тұратын толқынның ұзындығына сәйкес орналасқан шкала.

Жылы түстер – от денелі түстер (қызыл, сары).

Суық түстер – судың салқындығын еске түсіретін түстер (көк, көгілдір, күлгін).

Хроматикалық түстер – түстік тоны бар спектрдің барлық түстері.

Түстік шеңбер – бір-біріне біркелкі өтетін спектр түстері.

Түстік параметрлер – түстік тон, жарық, қанықтылық. Түстік тон – түс атауы.

Жарықтық – түстік жарық немесе қоюлықты көрсетеді.

21. Ахроматикалық композициялар.

Хроматикалық түстерді шартты түрде жылы түсер және суық түстер деп бөлінеді. Жылы түске түс спектрінің сары-қызыл бөлігі, ал суық түске көгілдір бөлігі жатады, жылы түстерді күн мен оттың түсімен, суық түстерді аспан, су мен мұздың түсімен сиппатауға болады. Күлгін және жасыл түстер аралық жағдайда пайда болады. Бұларды басқа түстермен қатынасына байланысты бірде жылы, бірде суық түске жатқызуға болады.

Түстік шеңбер бірге қатар қойылған түстерден құралған шеңбер. Бұл шеңбер, сары, сарғыш қызыл, қызыл, қызғыш қоңыр, жасыл көк, көк, күлгін көк, болып жалғасып отырады. Негізгі түстер сары, қызыл және көк түстер болып табылады. Контраст түстер – бір біріне қарама қарсы түстер. Ақ түске, қара түстер қарсы ақ пен қызыл т.б. түстер контраст сипатын береді.

Түстердің қасиеттерін зерттеу бізге түстердің психологиялық физикалық қасиетін, этнокөркемдік атауларын анықтауға мүмкіндік береді.

22. Ахроматикалық композицияның бейнелеу мүмкіндіктері. Хроматикалық түстерді шартты түрде жылы түсер және суық түстер деп бөлінеді. Жылы түске түс спектрінің сары-қызыл бөлігі, ал суық түске көгілдір бөлігі жатады, жылы түстерді күн мен оттың түсімен, суық түстерді аспан, су мен мұздың түсімен сиппатауға болады. Күлгін және жасыл түстер аралық жағдайда пайда болады.

23. Костюмді көркем жобалау түрлері. - Композиция – салынатын суреттегі барлық бөліктерді бір - бірімен өзара байланыстырып, орынды құрастыру.

24. Костюм өнеркәсіптік өндіріс жүйесінде

Костюмның тұтастығы және бөліктерінің үйлесімділігі элементтерінің бірлік әрі байланыс қасиеттерінің бірнеше шарттары орындалғанда ғана жүзеге асады: бөліктердің өзара үйлесімділігі, өлшемділігінің масштабтылығы, пропорционалдығы, ырғақтық байланысы, созымалылығы түстік және фактуралық шешім.

Композициялық қасиеттерінің тандалуы көркемділік ойға, бейнелік мазмұны және костюмның арнаулына байланысты. Олардың қолдануы бұйымдарға қойылатын функциялық және құрылымдылық талаптарға сай болуы қажет.

Киім композициясының негізі киім бөліктерінің жиынтығы, осы көлемдердің ара қатынасы, киімнің жалпы шамаластығы оның силуэті құрайды. Пішіннің мәнерлік деңгейі осы негізгі көлемдердің өзара үйлесімділігіне, пішіндеріне және костюмдегі табылған жалпы пропорцияға байланысты

25. Өнеркәсіптік өндіріс бұйымдарын жобалау үрдісінің ерекшеліктері. -

Композициялық шешімде симметрия мен ассиметрия үлкен рөл атқарады. Суреттің композициясына оның түстік, реңдік қатынастары өте маңызды.

- Ою - өрнек өнерінің тамыры өте тереңде.

26. Жобалаудың түрлері.- Графикалық сурет пен кескіндемелік сурет салуда сызықтық, пішінді құруда құрымдылық, тепе - теңдік «пропорция» көлем, жарық пен көлеңке, көңіл күй мен жай - жапсарды беру жүйеленеді, әсіресе композициялық қарекеттер жайлы ерекше айтуға болады.

27. Компьютерлік жобалау түрлері.

Композиция дегеніміз элементтерді бір тәртіпке келтіру құралы. Бұл композициялық тәсіл мен құралдар арқылы шешіледі, осының ішіндегі негізгі құрал-пропорциялау, себебі осы арқылы шығарылатын заттың гармониясы мен құралуын оның формасын шығарады.

"Пропорция" сөзін біздің дәуірімізге дейін I-ғасырда Цицерон енгізді, латын тіліне аударғанда платондық атау ұқсастық "байланыс" дегенді білдіреді. Мәдениетте пропорция көркемдік шығармадағы элементтердің сандық байланысын анықтайды. Сондықтан тұтас күрделі бөлшектердің бір өлшемнен екіншіге байланысын "пропорция" деп түсінеміз.

Костюм пішіне адам денесімен оның бөліктерінің пропорциясымен құрылымымен тікелей байланысты. Дене пропорциясы – оның жеке бөліктерінің өлшем бірлігі, үйлесімділік пен эстетикалық айқындылық беріп тұратын дене өлшемі және оның жеке бөліктері жобасының келісілген жүйеге қарым-қатынасы. Дене пропорциясы жайлы білім канон түзу барысында қолданылады, яғни практикалық қолданысқа ыңғайлы барлық өлшем мен дене бөліктерінің жүйелі қатынасы.

28. Бірыңғай модельдерді көркемдік жобалау. Композиция – салынатын суреттегі барлық бөліктерді бір - бірімен өзара байланыстырып, орынды құрастыру.

29. Бұйымға, оның функционалдық ерекшеліктеріне қойылатын талаптарды талдау.

сызықтық композиция, сызықты-дақты композиция, сызықтық –конструктивті композиция, өрнекті композиция, көлемді-кеңістікті композиция, жазықтықты композиция.

30. Өндіріс жағдайлары мен мүмкіндіктерін есепке алу.

Киім және оның элементтері жиһаз, ыдыс-аяқ, құрал-жабдық, автокөлік және ұшақтар тәрізді дизайнның объектері (пәндік орта бөлігі) болып есептеледі. Костюм адаммен оны қоршаған өмір салтының өзгеруімен тығыз байланысты пәндік ортаның ажырамас бөлігі.

Киім- қоршаған ортаның қолайсыз жағдайларынан (суық, жауын-шашын, жел, жәндіктердің шағуы, жабайы жануарлардың тістеуі мен тырнауы, қылыш немесе садақ соққысы, оқ және улы заттар) қорғайтын адам денесін қаптап тұратын материал.

Ежелгі және дәстүрлі костюмдерде киім адамды тек денелік әсерлерден қорғап қана қоймай, магиялық қорғанысты қамтамасыз етіп, қара күштердің әсерінен де қорғаған екен. Демек, киім деп алғашқы халықтардың татуировкасында, ортағасырлық жауынгер лат да қазіргі бронезилеттер мен противогаздарды да, сәндік көйлектерді де атауға болады. Қазіргі киім кешек түсінігін көйлек, аяқ киім, бас киім, шарф, белбеу, сумка, т.б. қамтиды. Киім –кешектің негізгі қызметі – қорғаныс (денелік және моральді қорғаныс) және утилитарлы –практикалық болып келеді. Өйткені киім адамның қандай да бір әрекетіне байланысты тағайындап алады. Адамның қоршаған әлемге бейімделуіне көмектеседі.

31. Өнеркәсіптік бұйымдарды жасаудың ілгерлік әдістері. Өсімдік формаларын трансформациялау, жан-жануарлар формаларын трансформациялау арқылы стилизациялық композиция құру және орындалған стилизациялық композициялық жұмысты орындау.

32. Киім модельдерінің өнеркәсіптік жүйелерін жобалау ерекшеліктері. Пропорция, симметрия, ассимметрия, контраст, нюанс, метр, ритм, түс, тепе-теңдік, динамика, статика, масштаб, кеңістік, модуль, тектоника, көлем, стиль, акцент, фактура.

33. Құралдардың қолдану тәсілдерін үйрену

Киім адам денесін қоршаған ортаның қолайсыз әсерлерінен сақтау қажеттілігінен пайда болған. Киім тігуге мал, аң терілері, өсімдік, ағаш, балық, құс өнімдері, жасанды материалдар пайдаланылған. Адамдар алғаш аң терісінен жасалған киімдерді пайдаланған, неолит дәуірінде шөп орамынан тоқылған белдемшелер киетін болған.

Тоқымашылық кәсібін игеннен соң адамдар иықтан, мықыннан киілетін жапқыштар қолданған Одан кейін тігіссіз киім пішіндері дамыған. Мысалы, үнділіктер - сари, шалма, кавказдықтар - бурка, римдіктер - тога және т.б.

Ежелгі киім элементтерінің бірі - белдік. Ол қару-жарақ пен жорыққа қажетті заттарды бекіту қызметін атқарды. Аяқ киім мен бас киімдер кешірек пайда болған. Олар адамды ыстық пен суықтан қорғау қызметін атқарған

34. Көркемдік-әсемдеу жұмыстарының технологиялық. Өнердің барлық түрлерін, қолөнер еңбекке икемділіктерін үйірме жұмыстарымен айналыса отырып толық меңгеруге тәрбие берудің деңгейін көтеріп, мақсатқа жету үшін түрлі әдіс-тәсілдер қажеттілігінің туындауын шығармашылық іс-әрекетін үйретумен бірге қазақтың ұлттың киімі комзол тарихы туралы түсінік беру

35. Көркемдік-әсемдеу жұмыстарының технологиясы

процестері мен операцияларын қолдану. Материалды көркемдеп өңдеу шеберлігі бойынша базистік тор жасап, сол арқылы комзол киімінің базистік торын құрып оны аяқтау яғни қортындылау

36. Эскиз тұтастығы

қолданбалы өнерлер пайда болғаннан бері сурет көмекші рөлді атқара бастады. Ал, бейнелеу өнердің қай саласында болса да жұмыс істейтін суретші, шығармашылық ойын сурет арқылы шешеді. Қол өнер бұйымдарының үлгілері бойынша немесе өз баланың ойлау дәрежесі бойынша жұмыс жасау Әр түрлі тарихи және экономикалық өзгерістер костюм пішіні мен түрінің пайда болуына жол ашты. Оның дамуы сән мен стильдің ауысымымен қатар жүріп отырады. Костюмнің еуропа-қалалық құрылу процесі ХІХ ғасырда аяқталды.

Студентке берілген тапсырмалар:

1. бейнелеу өнері бойынша туралы мәлімет жинақтау. (Натюрморт, пейзаж және жанрлар жөнінде) Баяндама 2-3 дана
2. «Оқу үйрену » іс-тәжірибесі жөнінде есеп жазу
3. Шығармашылық жұмыстар (табиғат көрінісі, натюрморт бұйымдарын)
Сурет салу техникасы: акварел, гуашь, қарындаш
2 сурет бояуда, 2-сурет штрихта.
4. Фото (2-3 дана)

ГЛОССАРИЙ

Ахроматикалық түстер – түс тоны жоқ түстер (сұр, қара, ақ).

Үйлесімді түстер – негізгі түсті таңдауға ықпал етуші түс.

Туыстық-үйлесімді түстер – 90 градус шамасында түс, шеңберіне кіретін түстер.

Туыстық түстер – 30 градус шамасында түс шеңберіне кіретін түстер.

Қанықтылық – түс тазалығын меңзейді.

Жарық – электромагниттік толқын.

Спектр – жеті түстен тұратын толқынның ұзындығына сәйкес орналасқан шкала.

Жылы түстер – от денелі түстер (қызыл, сары).

Суық түстер – судың салқындығын еске түсіретін түстер (көк, көгілдір, күлгін).

Хроматикалық түстер – түстік тоны бар спектрдің барлық түстері.

Түстік шеңбер – бір-біріне біркелкі өтетін спектр түстері.

Түстік параметрлер – түстік тон, жарық, қанықтылық.

Түстік тон – түс атауы.

Жарықтың – түстік жарық немесе қоюлықты көрсетеді.

Әдебиеттер тізімі

Негізгілері:

1. Шорохов Е.В. Основы композиции- М., «Просвещение» 1979 г
2. Паранюшкин Р.В. «Композиция» 2002г.
3. Яблонский «Преподавание предметов «Рисунок» и «Основы композиции» 1989г.
4. Котляров А.С. «Композиционная структура изображения» 2008г.
5. Давлетова Б.Г. «Краткий курс «Основы композиции костюма» 2002г.
6. Логвиненко Г.М. «Декоративная композиция» 2010г.
7. Курушин В.Д. «Графический дизайн и реклама. 2001г.
8. Гусейнов М.Г. « Композиция костюма» 2004г.
9. Бердник Т.О. « Дизайн костюма» 2000г.
10. Утегенов И.У. «Дизайн одежды»